

Сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.12.18. N 127 Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес және сақтандыру қызметі нарығын дамыту, азаматтар мен заңды тұлғаларды сақтандыру тұрғысында қорғау мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Сақтандыру және сақтандыру қызметі жайындағы ұғым

1. Сақтандыру өздеріне сақтанушылар төлеген сақтану төлемдерінен, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған өзге де төлем көздерінен сақтандырушылар құрайтын ақша қорлары есебінен белгілі бір сақтандыру оқиғалары болған кезде сақтандыру өтемдерін төлеу арқылы азаматтар мен заңды тұлғалардың (сақтандырушылардың) мүдделерін мүлікті қорғау жөніндегі қарым-қатынасты білдіреді.

2. Сақтандыру қызметі - сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын және сақтандыру мен қайта сақтандыру шарттарын жасасумен және оларды орындаумен байланысты қызметі.

2-1. Уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекеттің сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі міндеттер мен өкілеттіктерді заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асыратын органы.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

2-бап. Сақтандыру туралы заңдар

Сақтандыру туралы заңдар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің тиісті баптарынан, осы Жарлықтан, Қазақстан Республикасының заң

актілерінен және соларға сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің , сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.
N 436 Заңымен. Z990436_

3-бап. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастары

1. Осы Жарлық:

- сақтандыру шартын жасасу және оны орындау процесінде сақтандырушы мен сақтанушының арасында туындайтын қатынастарды;

- уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру қызметін реттеу және

қадағалау жөніндегі өзінің қызметі мен өкілеттіктерін жүзеге асырумен байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

- сақтандыру қатынасынан туындайтын сақтандырушылар мен сақтанушылардың өзге де тұлғалармен (сақтандырушылармен және пайда алушылармен) қатынастарын реттейді.

2. Міндетті сақтандыру ерекшеліктері, осы Жарлықта көзделгеннен басқа жағдайларда, арнайы заңдармен реттеледі.

ЕСКЕРТУ. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.08.23. N 35-I

Z960035_

Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

4-бап. Сақтандыру түрлері

Сақтандыру:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша:

а) ерікті;

б) міндетті;

2) сақтандыру объектілері бойынша:

а) жеке;

б) мүліктік болып бөлінеді.

5-бап. Міндетті және ерікті сақтандыру

1. Міндетті сақтандыру - заң талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

2. Міндетті сақтандырудың түрлері заң актілерімен белгіленеді. Міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттарын олардың Қазақстан

Республикасының заң актілерінде көзделмегендігіне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Егінді, көп жылдық өсімдіктерді, ауылшаруашылық жануарларын, қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті, ауылшаруашылық өндірісінің өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардан, эпизоотиядан және басқа дүлей зілзаладан міндетті сақтандыру белгіленсін.

3. Өзінің өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндеті азаматқа заңдармен де шартпен де жүктелмейді.

4. Міндетті сақтандыру кезінде сақтанушы сақтандырудың осы түрін реттейтін заң актісінде тұжырымдалған талаптарға сәйкес сақтандырушымен шарт жасасуға міндетті.

5. Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін. Аталған сақтандырушы үшін мұндай шартты жасау міндетті болып табылады.

6. Ерікті сақтандыру - тараптардың өз еркін білдіруіне орай

жүзеге асырылатын сақтандыру.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен белгіленеді.

7. Азаматтың немесе заңды тұлғаның кез келген мүддесі сақтандыру объектісі бола алады.

Сақтанушының құқыққа қайшы келетін мүдделері сақтандыруға жатпайды.

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру объектісі сақтандырудың осы түрін реттейтін заңдармен белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 5-баптың 2-тармағы жаңа абзацпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.08.23. N 35-І Заңымен.

Z960035_

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

6-бап. Міндетті сақтандыру туралы ережелерді бұзудың салдары

1. Заң актісіне сәйкес оның пайдасына міндетті сақтандыру жүзеге асырылуға тиісті адам, егер сақтандырылмағаны өзіне белгілі болса, осы міндет жүктелген сақтанушыдан өзінің сақтандырылуын сот тәртібімен талап етуге хақылы.

2. Егер сақтандырушы сақтандыру шартын жасаспаса не оны заңдарда көзделгенмен салыстырғанда сақтандырылушының жағдайын нашарлататын

талаптармен жасасқан болса, ол сақтандыру оқиғасы болған жағдайда, тиісінше сақтандырылған кезде сақтандыру өтемі төленуге тиіс ретпен сақтандырылушының алдында жауапты болады.

3. Сақтанушы осы Жарлықтың 5-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті сақтандырушыны сот тәртібімен мәжбүрлеуді талап етуге хақылы.

7-бап. Жеке және мүлікті сақтандыру

1. Жеке сақтандыруға азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілетін және жеке басына байланысты өзге де мүдделерін сақтандыру жатады.

2. Мүліктік сақтандыруға мүлікті және кәсіпкерлік тәуекелдер мен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды қоса, сонымен байланысты мүдделерді сақтандыру жатады.

Кәсіпкерлік тәуекелдер сақтандырылған кезде кәсіпкердің контрагенттерінің (шарт жасасқан тараптардың) өз міндеттемелерін бұзуы немесе кәсіпкердің еркінен тыс жағдаяттарда осы іс-әрекет жағдайларының өзгеруі себепті кәсіпкерлік қызметтен күтілген табыстың алынбау тәуекелі сақтандырылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандырылған кезде басқа азаматтардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі, сондай-ақ шарттардан немесе өзге де негіздерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі сақтандырылады.

8-бап. Шетелдік заңды тұлғалар мен шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру саласындағы қызметі

1. Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей сақтандыру тұрғысында қорғалу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шет ел қатысатын кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері осы қызметке байланысты тәуекелдерді сақтандыруды Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарында жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында тікелей сақтандырушы ретіндегі шетелдік сақтандырушы және қайта сақтандырушы ұйымдардың, шетелдік сақтандыру делдалдарының қызметіне тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының сақтандырушылары өз мойнына алған тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі шетелдік сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының аумағында аталған ұйымдардың белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдары мен өкілдіктері арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сақтандырушылары өз тәуекелдерін тікелей шетелдік қайта сақтандырушыларда қайта сақтандыра алады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік заңды тұлғалардың сақтандырушы делдал функцияларын жүзеге асыруына Қазақстан Республикасының сақтандырушыларына олардың шетелдегі тәуекелдерін қайта сақтандыру жөнінде қызмет көрсету саласында ғана жол беріледі. Бұл ретте шетелдік заңды тұлғалар өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдары мен өкілдіктері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының сақтандырушылары өз тәуекелдерін шетелде қайта сақтандыруға орналастыруына байланысты шетелдік делдалдық ұйымдардың қызметін тікелей пайдалана алады.

5. Шетелдіктер қатысатын кәсіпорындар (шетелдік кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындар) сақтандыру саласындағы делдалдық қызметті Қазақстан Республикасының басқа да заңды тұлғалары қызметінің шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

5-1. Шетел қатысатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы - акцияларының үштен бірінен астамы мыналардың:

1) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің;

2) акцияларының (қатысушылар салымдарының) үштен бірінен астамы Қазақстан Республикасы резидент еместерінің не соларға ұқсас Қазақстан Республикасы резиденттерінің - заңды тұлғаларының меншігінде және (немесе) басқаруында болатын Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалардың;

3) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қаражатын бөлушілер (сенім көрсетілген адамдар) болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері не осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың иелігіндегі және (немесе) басқаруындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы.

5-2. Шетел қатысқан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық тіркелген жарғы капиталы, уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат берген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бірге тіркелген жарғы капиталының жиырма бес процентінен аспауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

2-тарау. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары

9-бап. Сақтанушылар

1. Сақтанушы - сақтандырушымен сақтану шартын жасасқан адам.
2. Заңды тұлғалар мен азаматтар сақтанушылар бола алады.
3. Сақтанушы сақтандырудың ерікті түрі бойынша да, сондай-ақ міндетті түрі бойынша да сақтандырушыны таңдап алуға ерікті.

10-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылуы мен қызметінің ерекшеліктері.

1. Құрылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органның оны ашуға рұқсаты негізінде Әділет министрлігінің органдары жүзеге асырады.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары акционерлік қоғам және мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылады.

3. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға рұқсат беру (кері қайтарып алу) тәртібі, оларды құрған кезде қойылатын қосымша талаптар, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бұл ұйымдарды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, оларды қайта құру және тарату ерекшеліктері, сондай-ақ олардың қызметін реттеу (сақтандырушының шарттық қатынастарын қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына сақтандыруға жатпайтын немесе сақтандыру қызметінің нысанынан тікелей туындамайтын кәсіпкерлік қызмет ретінде (сауда және материалдық өндіріс саласын қосқанда) мәмілелер мен операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ. 10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

10-1-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері

1. Мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін коммерциялық ұйымдар сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері ретінде өкілеттік етуге құқылы.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері сақтандырушы делдалдар болып табылады және сақтандырушы, қайта сақтандырушы тараптармен немесе

үшінші тұлғамен тиісті шарттарда (келісімдерде) белгіленген талаптар шегінде жауапкершілікте болады.

3. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін (сақтандыру делдалдығын) жүргізуге берген тиісті лицензияның негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 10-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

11-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының капиталы

1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтайшылары

(акционерлері) сатып алатын акцияларға тек қана ақша төлеуге міндетті.

3. Құрылған сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталына акционерлердің меншік капиталы шегінде ақша салынуы

мүмкін.

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарында жарияланған жарғылық капиталын олардың акционерлері бұл ұйымдарды мемлекеттік тіркеу кезіне төлеуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.

N 154 Заңымен.

Z970154_

ЕСКЕРТУ. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен.

Z990436_

12-бап. Сақтандырылушылар

1. Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы сонымен бірге сақтандырылушы болып табылады.

2. Міндетті сақтандыру туралы заңдарда сақтанушыға үшінші тұлғаны сақтандыруды жүзеге асыру міндеті жүктелуі мүмкін. Ерікті сақтандыру кезінде сақтанушылар сақтандыру шартында сақтандырылушы ретінде үшінші тұлғаны белгілей алады. Мұндай жағдайларда не сақтандырылушының жеке басы мен оның осыған байланысты мүдделері (сақтандырылушының жеке сақтандырылуы

), не сақтандырылушының мүлкі мен оның мүлкіне байланысты мүдделері (сақтандырылушының мүліктік сақтандырылуы) сақтандыру объектісі болады.

Мүлікті сақтандырған кезде сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылушы осы мүліктің сақталуына мүдделі болуға тиіс.

Шарттың тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік тәуекелін, сондай-ақ кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған кезде сақтанушының өз тәуекелі ғана сақтандырылуы мүмкін.

3. Сақтандырылушы ретінде белгіленетін үшінші тұлғаның шарт жасасуға келісімі талап етілмейді, алайда сақтандырудың ерікті түрлері бойынша бұл тұлғаның осы шарттың жасалуына қарсылық білдіруі оның жасалуын болдырмауға, ал егер ол жасалып қойған болса - шартты өзгертуге немесе бұзуға әкеліп соғады.

Мүліктік сақтандыру кезінде сақтанушы сақтандыру объектісін дәл белгілей отырып, үшінші тұлғаны оның мүлкін немесе сонымен байланысты мүдделерін сақтандырмақ ниеті туралы хабардар етуге міндетті.

4. Егер сақтанушыда үшінші тұлғаны сақтандыру міндеті бар болса, осы тұлға сақтанушының бұл міндетін орындауы туралы есеп беруін талап етуге, ал заңда көзделген жағдайларда - өзінің сақтандырылғанын куәландыратын құжатты алуға хақылы.

Сақтанушы үшінші тұлғаны сақтандыру жөніндегі өз міндетін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, соңғысы осы Жарлықтың 6-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген шараларды қолдануға хақылы.

5. Егер кәмелетке толмаған азамат сақтандырылған жағдайда оның құқықтары кәмелетке толмағандарға қатысты азаматтық заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Шарттың сақтандырылушының пайдасына жасалуы сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.

Үшінші тұлғаны сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылушының міндеттері, сондай-ақ сақтанушының сақтандыру оқиғасының болуына байланысты туындайтын өз міндеттері сақтандыру шартымен белгіленеді. Сақтандырылушының сақтандыру шартынан туындайтын міндеттері туралы сақтанушы оған хабарлауға міндетті.

7. Егер сақтандырылушы шартқа сәйкес өзіне тиесілі сақтандыру өтемін алудан бас тартқан жағдайда, сақтандыру өтемін алу құқығы сақтанушыға көшеді.

8. Соған қатысты жеке сақтандыру шарты жасалған, сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, егер заңда немесе шартта сақтандырылушыны алмастыру көзделмеген болса, бұл шарт тоқтатылуға жатады.

Егер сақтандырылушының қазасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру оқиғасы болып шықса, бұл шарт орындалуы арқылы тоқтатылады.

Соған қатысты жеке сақтандыру шарты жасалған, сақтанушы болып табылмайтын сақтандырушы қайтыс болған жағдайда, сақтандырылушының құқықтары мен міндеттері сақтанушының келісімімен, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру объектісі болған осы мүлік пен осы мүліктік құқықтардың мұрагерлеріне көшеді.

Егер сақтанушы қайтыс болған сақтандырылушыны алмастыруға келіспесе не мұрагерлері оның құқықтары мен міндеттерін қабылдауға келіспесе, шарт тоқтатылуға жатады.

9. Үшінші тұлғаның (сақтандырылушының) пайдасына жасалған сақтандыру шартына азаматтық заңдардың үшінші тұлғаның пайдасына жасалған шарт туралы ережелерінің осы Жарлықтың ережелеріне қайшы келмейтін бөлігі қолданылады.

13-бап. Пайда алушылар

1. Пайда алушы-шартқа немесе міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес сақтандыру өтемін алушы болып табылатын тұлға.

Заңды тұлға да, сол сияқты азамат та пайда алушы бола алады.

Пайда алушы жеке, сондай-ақ мүліктік сақтандыру бойынша тағайындалуы мүмкін.

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша пайда алушы сақтандырудың осы түрін реттейтін заңмен белгіленеді, ерікті түрлері бойынша оны сақтанушы тағайындайды.

2. Егер міндетті сақтандыру туралы заңда немесе ерікті сақтандыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады.

Егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, онда сақтандырылушы пайда алушы болып табылады.

Егер пайда алушы сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол сақтандырылушы деп көзделеді.

3. Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру шарты бойынша тек қана сақтанушы пайда алушы бола алады, ол осымен бір мезетте сақтандырылушы да болуға тиіс.

4. Пайда алушының пайдасына жасалған мүлікті сақтандыру шарты пайда алушының есімін немесе атауын көрсетпей-ақ жасалуы мүмкін.

Осындай шарт жасалған кезде сақтанушыға көрсетушінің атына жазылған сақтандыру куәлігі (полис, сертификат және т.б.) беріледі. Бұл орайда осы құжатты сақтандырушыға көрсеткен адам пайда алушы деп танылады.

5. Сақтандырылушы сонымен бірге пайда алушы болып табылған жағдайда, оған осы Жарлықтың 12-бабында көзделген ережелер қолданылады.

6. Сақтандырылушы болып табылмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не ол пайда алушының құқығынан бас тартқан жағдайда, оның құқығы сақтанушыға көшеді.

Сақтандырылушы болып табылатын пайда алушы қайтыс болған жағдайда, осы Жарлықтың 12-бабының 8-тармағында көзделген салдарлар іске қосылады.

7. Пайда алушының пайдасына шарт жасасу сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.

3-тарау. Сақтандыру шарты

14-бап. Сақтандыру шарты ұғымы

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру төлемдерін төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтанушыға сақтандыру өтемін төлеуге міндеттенеді.

2. Сақтандыру ісі сақтандыру шарттарын жасасу және оларды орындау түрінде жүзеге асырылады.

15-бап. Сақтандыру шартының түрі

1. Сақтандыру шарты жазбаша түрде:

1) тараптардың бір құжат жасауы;

2) сақтандырушы бір жақты тәртіппен жасаған (қосылу шарты) үлгі шарттарға (сақтандыру ережелеріне) сақтанушының қосылуы;

3) сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру куәлігін (полис, сертификат және т.б.) беруі жолымен;

4) тараптардың шарт жасауға және оның барлық негізгі талаптары бойынша келісімге келуіне ерік білдіруін құжатпен растауға мүмкіндік беретін басқа да жолмен жасалады.

2. Жазбаша шарт нысанын сақтандырушы не тараптардың келісімі белгілейді.

16-бап. Сақтандыру шартының мазмұны

1. Сақтандыру шартында мыналар болуға тиіс:

1) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері және сақтандырушының банкілік реквизиттері;

2) сақтанушының тегі, аты және мекенжайы (егер ол жеке тұлға болса), атауы, орналасқан жері және банкілік реквизиттері (егер ол заңды тұлға болса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру оқиғасын көрсету;

5) сақтандыру сомасы мен сақтандыру өтемінің мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімі;

6) сақтандыру төлемінің мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімі;

7) шарттың қолданылу мерзімі;

8) егер сақтандырылушы және пайда алушы сақтандыру қатынастарына қатысушылар болса, олар туралы көрсету.

2. Тараптардың келісімі бойынша шартқа басқа да талаптар енгізілуі мүмкін.

3. Егер сақтандыру шартында, заңда көзделгенмен салыстырғанда сақтанушының жағдайын нашарлататын талаптар болса, заңда белгіленген ережелер қолданылады.

17-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы

1. Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтанушы төлеген сәттен, ол оны мерзімін ұзарта отырып төлеген болса, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заңда өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Сақтандыру шарты, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заңда өзгеше көзделмесе, бірінші болған сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру өтемі төленген сәттен бастап өзінің күшін тоқтатады.

3. Егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заңда өзгеше көзделмесе, сақтандыру тұрғысында қорғаудың қолданылу кезеңі шарттың қолданылу мерзіміне тұспа-тұс келеді.

4. Егер сақтандыру объектісінің сипатынан өзге жағдай туындамаса немесе шартта көзделмесе, сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағына сай келеді.

18-бап. Сақтандырушының міндеттері

1. Сақтандырушы:

1) сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтандыру өтемін осы Жарлықтың 22-бабының 3-тармағында көзделген мөлшерде, тәртіп пен мерзімде төлеуге;

2) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандырылған мүлікке келтірілетін залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін жасалған шығыстарының сомасын, егер мұндай шығыстар қажет болған болса немесе тіпті тиісті шаралардан нәтиже шықпаса да, сақтандырушының нұсқауын орындау үшін жасалса оған сақтандыру сомасының шегінде өтеуге міндетті.

Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының зардабын азайту жөнінде сақтанушының көрінеу шара қолданбауы салдарынан пайда болған залал бөлігінде сақтандыру өтемін төлеуден босатылады.

3) сақтандыру нәтижесінде өзі алған сақтанушы, сақтандырылушы және пайда алушы, олардың денсаулық жағдайы туралы, сондай-ақ осы тұлғалардың

мүліктік жағдайы (сақтандыру құпиясы) туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

2. Сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

19-бап. Сақтанушының міндеттері

1. Сақтанушы:

а) сақтандыру төлемдерін осы Жарлықтың 21-бабының 2- тармағында көзделген мөлшерде, тәртіп пен мерзімде төлеуге;

б) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға болуы ықтимал сақтандыру оқиғасы мен одан шегілетін залалға (сақтандыру тәуекелін) баға беру үшін мәні бар, өзіне мәлім барлық жағдаяттар туралы хабарлауға, сондай-ақ шарт жасасқаннан кейін осы тәуекелдің ұлғайғаны туралы хабарлауға;

в) сақтандырушыға шартта белгіленген мерзім мен нысанда сақтандыру оқиғасы туралы хабарлауға және сақтандырылған мүлікті аман алып қалу мен сақтау, сондай-ақ кінәлі тұлғаға регресс (өтем) жасату құқығын қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға;

г) қосарлы сақтандыру кезінде мүлікті сақтандырудың осы объектісі бойынша күші бар басқа да шарттар туралы сақтандырушыны хабардар етуге міндетті.

2. Сақтандыру шартында сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

20-бап. Сақтандыру оқиғасы

1. Сақтандыру оқиғасы - ол болған жағдайда сақтандыру шартында сақтандыру өтемін төлеу көзделетін уақиға.

2. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру оқиғаларының түрлері міндетті сақтандыру туралы заңдармен, ал ерікті сақтандыру бойынша - тараптардың келісімімен белгіленеді.

3. Сақтандыру оқиғасы ретінде қарастырылатын уақиғаның болуының ықтималдық және кездейсоқтық белгілері болуға тиіс.

4. Сақтандыру оқиғасының болғанын, сондай-ақ одан келген шығындарды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

21-бап. Сақтандыру төлемдері

1. Сақтандыру төлемі - сақтандырғаны үшін сақтанушының сақтандырушыға енгізуге міндетті төлемі.

Сақтандыру төлемдерін төлеу міндеті сақтандырылушыға немесе пайда алушыға заңдармен де, шартпен де жүктелуге тиіс емес.

2. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлерінде олар заңдарда көзделген мөлшерден артпауға тиіс.

Сақтандыру төлемдерін төлеудің тәртібі мен мерзімі шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заңмен белгіленуі мүмкін.

3. Сақтандыру шарты бойынша төлеуге жататын сақтандыру төлемдерінің мөлшерін белгілеген кезде тараптар сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын төлем ставкасын белгілейтін сақтандырушы әзірлеген сақтандыру тарифтерін қолдана алады.

4. Сақтандыру жарнасы түрінде сақтандыру төлемінің мерзімін ұзартып төлеу шартпен көзделуі мүмкін.

5. Сақтандыру жарнасын шартта белгіленген мерзімде енгізбеу, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарттың тоқталуына әкеп соғады.

6. Сақтандырушы алған сақтандыру төлемдері оған меншік құқығымен, ал мемлекеттік сақтандыру ұйымдары үшін шаруашылық жүргізу құқығымен тиесілі болады.

22-бап. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру өтемі

1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған ақшаның сомасы және ол сақтандыру оқиғасы болған жағдайдағы сақтандырушының міндеттемелерінің шекті көлемі болып табылады.

2. Сақтандыру өтемі - сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтандырушының сақтандыру сомасы шегінде сақтанушыға төлейтін төлемі.

3. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру өтемінің мөлшері шартпен белгіленеді. Сақтандыру міндетті түрлерінде олар заңда белгіленген мөлшерден кем болмауға тиіс.

Сақтандыру өтемдерін төлеудің тәртібі мен мерзімі шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заңмен белгіленуі мүмкін.

4. Мүлікті сақтандырған кезде сақтандыру сомасы шарттың жасалу сәтіндегі оның нақты құнын (сақтандыру құнынан) аспауға тиіс. Сақтандырушы өзін сақтанушы қасақана шатастырғанын дәлелдегеннен басқа жағдайларда, тараптар сақтандыру шартында белгіленген мүліктің сақтандыру құнын даулай алмайды. Егер сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы мүліктің сақтандыру құнынан асып кетсе, сақтандыру сомасының шарттың жасалу сәтіндегі мүліктің нақты құнынан асып кететін бөлігінде шарт жарамсыз болып табылады.

5. Мүлікті сақтандыру, сондай-ақ жауапкершілікті сақтандыру жөніндегі сақтандыру өтемі сақтандыру оқиғасының болуы нәтижесінде сақтанушы (сақтандырылушы) шеккен нақты залалдың мөлшерінен аспауға тиіс.

6. Жеке сақтандыру бойынша сақтандыру өтемі сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) оған әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік камсыздандыру, міндетті медициналық сақтандыру бойынша, басқа да сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаларға қарамастан әрі зиянды өтеу тәртібімен төленеді.

7. Мүліктік сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру өтемін сақтандыру өтемі сомасының шегінде заттай түрде залалдың өтемімен алмастыру көзделуі мүмкін.

8. Сақтандыру өтемін төлеген кезде сақтандырушы оған сақтанушыдан тиесілі сақтандыру төлемдерінің есебін жасауға хақылы.

9. Сақтандырылушыға, сондай-ақ пайда алушы мен сақтанушының мұрагерлеріне тиесілі жеке сақтандыру бойынша сақтандыру өтемі ол қайтыс болған жағдайда, мұрагерлік мүлкінің құрамына енбейді.

ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.

N 154 Заңымен. Z970154_

23-бап. Сақтандыру өтемін уақтылы төлемегені үшін сақтандырушының жауапкершілігі

Сақтандыру өтемін уақтылы төлемегені үшін сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға), егер сақтандыру шартымен неғұрлым жоғары көлемдегі жауапкершілік көзделмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында (Жалпы бөлім) көзделген мөлшерде айыпақы төлейді.

ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.

N 154 Заңымен. Z970154_

24-бап. Сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту

1. Егер сақтандыру оқиғасы:

1) қажетті қорғаныс пен аса бір қажеттілік жағдайында жасаған іс-әрекетін қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының сақтандыру оқиғасының туындауына не оның болуына ықпал етуге бағытталған қасақана іс-әрекетінің;

2) сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының заңда белгіленген тәртіппен қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған сақтандыру оқиғасымен себепті байланыстағы іс-әрекетінің ;

3) егер әскери тәуекелді сақтандыру шартта көзделмесе, заң актілерінде белгіленген тәртіппен осындай деп танылған әскери қимылдар мен соларға байланысты әскери сипаттағы шаралардың салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру өтемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға хақылы. Әскери қимылдан туындайтын негіздер бойынша

сақтандыру өтемін төлеуден бас тартылған жағдайда сақтанушыға ол енгізген сақтандыру төлемдері қайтарылады.

2. Сақтандырушының сақтандыру өтемін төлеуден бас тартуына, сондай-ақ:

1) сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы мен оның зардаптары туралы сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтанушының сақтандырылған мүлікті құтқару жөнінде, оған келетін залалды сақтанушының болдырмауға мүмкіндігі бола тұра, бірақ қасақана алдын алмаған бөлігінде, шара қолданбауы;

3) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан мүлікті сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемін алуы;

4) сақтандырушының сақтандыру оқиғасының болу себептерін тексеруіне және сақтандыру объектісіне одан келген зиянының мөлшерін анықтауына кедергі жасауы, сондай-ақ осы Жарлықтың 25-бабының 1-тармағының 2-бөлігінде көзделген жағдай;

5) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайлар негіз болады.

3. Сақтандырушының сақтанушының жолсыз іс-әрекетіне орай оған осы бапта көзделген сақтандыру өтемін төлеуден босату, осымен бір мезетте сақтандырушыны сақтандырылушыға немесе пайда алушыға сақтандыру өтемін төлеуден босатады.

4. Сақтандыру шартының талаптарымен, егер ол заңға қайшы келмесе, сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздер көзделуі мүмкін.

5. Сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себебінің дәлелді негіздемесімен сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

6. Сақтанушының сақтандыру өтемін төлеуден бас тартуына сақтандырушы сотқа шағым жасай алады.

25-бап. Регрестік (кері) талап қою құқығы

1. Мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушыға осы сома шегінде сақтанушының (сақтандырылушының) келтірілген зиян үшін жауапты адамға қоятын регрестік талап қою құқығы көшеді. Сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру өтемін алған кезде сақтандырушыға осы талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажетті қолындағы барлық құжаттарды береді.

Сақтанушы аталмыш адамға кінә тағудан немесе оған талап қоюдың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құқықтан бас тартқан, сондай-ақ сақтандырушыға

регрестік талап қою үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайда, сақтандырушы регрестік талап қою тәртібімен зиян келтірушіден өндіріп ала алатын сомаға сақтандыру өтемін төлеуден босатылады.

2. Сақтанушы сақтандыру өтемінің сомасы көлемінен артық зиян келтіргені үшін жауапты адамға талап қою құқығын, беруге, сондай-ақ осы адамға қойылатын өзге де талаптарды сақтандырушыға беруге хақылы. Бұл құқықтың ауысуы сақтандыру шартында көзделуі мүмкін.

3. Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болғаннан кейін сақтандырушының келісуімен оған өзінің сақтандырылған мүлікке құқығын бере алады әрі сақтандыру сомасының толық көлеміндегі сақтандыру өтемін ала алады.

26-бап. Сақтандыру шартын тоқтату

1. Азаматтық кодексте көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерімен қатар сақтандыру шарты мынадай:

1) сақтандыру объектісі жойылған кезде:

2) сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылушы қайтыс болғанда оны ешкім алмастырмаған (осы Жарлықтың 12-бабының 8-тармағы);

3) сақтанушы мүлікті сақтандыру объектісін басқаға бергенде, егер сақтандырушы сақтанушыны алмастыруға қарсылық білдірген, ал шартпен немесе заңдармен өзгеше белгіленбеген (осы Жарлықтың 28-бабының 1-тармағы);

4) егер шартпен өзгеше көзделмесе (осы Жарлықтың 22-бабының 5-тармағы), сақтанушы кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген мерзімде енгізбеген;

5) Егер міндетті сақтандыру туралы шартпен немесе заңдармен өзгеше көзделмесе (осы Жарлықтың 17-бабының 2-тармағы), сақтандырушы алғашқы болған сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру өтемін төлеген жағдайларда тоқтатылады.

2. Егер бұл сақтандыру шартының талаптарымен, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша көзделген болса, сақтандыру шарты сақтанушының немесе сақтандырушының талап етуі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бірін-бірі сақтандыру шартын тоқтатудың көзделіп отырған күнінен кемінде 30 күн бұрын хабардар етуге міндетті.

3. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтанушының талап етуі бойынша сақтандырушы өзінің жұмсалған шығыстарын шегеріп тастап, оған шарттың бітпеген мерзімі үшін сақтандыру төлемдерін төлейді; егер сақтанушының талаптары сақтандырушының сақтандыру шартын бұзуымен байланысты болса, онда соңғысы сақтанушы төлеген сақтандыру төлемдерін оған толығымен қайтарады.

Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған ретте сақтандырушының талап етуі бойынша ол сақтанушыға оның төлеген сақтандыру төлемдерін толығымен қайтарады; егер сақтандырушының талаптарын орындамауымен байланысты болса, онда ол жұмсалған шығыстарын шегеріп тастап, сақтанушыға шарттың бітпеген мерзімі үшін сақтандыру төлемдерін қайтарады.

4. Сақтандырушының қайтыс болуына байланысты шарт тоқтатылған ретте сақтандырушы сақтанушыға жұмсалған шығыстарын шегеріп тастап, шарттың бітпеген мерзімі үшін сақтандыру төлемдерін қайтарады.

27-бап. Сақтандыру шартының жарамсыздығы

Мәмілелер жарамсыздығының Азаматтық кодексте көзделген жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты ол жасалған сәттен бастап мынадай жағдайларда, егер:

- 1) шарт жасалған кезде сақтандыру объектісі болмаса;
- 2) сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандыру объектісі болып табылса;
- 3) сақтандыру объектісі заңды күшіне енген соттың тиісті шешімінің негізінде тәркіленуге жататын мүлік не қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыс заты болып табылатын мүлік болса;
- 4) сақтандыру оқиғасы ретінде ықтимал және кездейсоқ болу белгілерінен ада (осы Жарлықтың 20-бабының 3-тармағы) әрі ол сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұл жайында тараптар, ең болмағанда сақтанушы көрінеу білген уақиға көзделсе;
- 5) сақтанушы шарт жасасқан кезде, көрінеу заңсыз пайда табу мақсатын көздесе, соның ішінде шарт сақтандыру оқиғасы болып өткеннен кейін жасалса, жарамсыз деп саналады.

28-бап. Сақтанушыны алмастыру

1. Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтанушының құқықтары мен міндеттері осы мүлікті мұрагерлік тәртібімен қабылдап алушы тұлғаға көшеді. Меншік құқықтарын ауысуының басқа жағдайларында сақтанушының құқықтары мен міндеттері, егер шартпен немесе заңдармен өзгеше белгіленбесе, жеке меншік иесіне сақтандырушының келісімімен көшеді.

2. Сақтандырылушының пайдасына жеке басын сақтандыру шартын жасаған сақтанушы қайтыс болған жағдайда, осы шартпен белгіленген құқықтар мен міндеттер, сақтандырылушыға оның келісімімен көшеді.

3. Егер сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтанушыны сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныса, мұндай сақтанушының құқықтары мен

міндеттерін оның қорғаншысы жүзеге асырады. Бұл ретте үшінші тұлғалар алдындағы сақтанушының жауапкершілігін сақтандыру азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған сәттен бастап аяқталады.

4. Заңды тұлға болып табылатын сақтанушы қайта құрылған ретте, сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Азаматтық заңдарда белгіленген тәртіп бойынша тиісті құқықтық мұрагеріне көшеді.

29-бап. Сақтандырылушыны алмастыру

1. Келтірілген зиян үшін азаматтық жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шарты бойынша сақтанушыдан өзге тұлғаның жауапкершілігі сақтандырылатын болса, сақтанушы, шартта өзгеше көзделмегендіктен, бұл туралы сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып, сақтандыру оқиғасы болғанға дейін кез келген уақытта бұл тұлғаны басқа тұлғамен алмастыруға хақылы.

2. Сақтанушы болып табылмайтын, жеке басын сақтандыру, сондай-ақ мүлікті сақтандыру шартында аталған сақтандырылушы оның өзінің және сақтандырушының келісімімен ғана басқа адамнан алмастырылуы мүмкін.

3. Егер үшінші тұлғаны сақтандыру міндетті сақтандыру туралы заңдардың талаптарынан туындаса, сақтандырылушыны алмастыру аталған заңдарда және оған негізделген шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

30-бап. Пайда алушыны алмастыру

1. Сақтанушы сақтандыру оқиғасы болғанға дейін сақтандырылушы болып табылмайтын, сақтандыру шартында аталған пайда алушыны, бұл жөнінде сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып, басқа тұлғамен алмастырылуға хақылы.

2. Пайда алушы өзінің сақтанушымен жасасқан келісімінен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру өтемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін оны басқа тұлғамен алмастыруға болмайды.

3. Сақтандырылушы болып табылатын пайда алушыны алмастыру осы Жарлықтың 29-бабында көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

31-бап. Қосарлы сақтандыру

1. Қосарлы (көп мәрте) сақтандыру-бір ғана объектіні бірнеше сақтандырушыда сақтандыру.

2. Мүлікті қосарлы сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушыға онымен жасасқан шартқа сәйкес сақтандыру өтемін төлейді, алайда

сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру өтемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасасқан шартта көзделген сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру өтемін алуға хақылы. Егер алынған сақтандыру өтемі нақты залалды өтей алмаса, сақтанушы жетпейтін соманы басқа сақтандырушылардан алуға хақылы.

Келтірілген залалды басқа сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру өтемін төлеуден толығымен немесе ішінара босатылған сақтандырушы өзінің жұмсаған шығыстарын шегеріп тастап, сақтандыру төлемдерінің тиісті бөлігін сақтанушыға қайтаруға міндетті.

3. Бір ғана объект әр түрлі сақтандырушыда, олардың әрқайсысымен өздерінің сақтандыру оқиғасы бойынша қосарлы сақтандырылған ретте, сақтандыру жауапкершілігін болып өткен сақтандыру оқиғасын қамтитын шарт жасасқан сақтандырушы мойнына алады.

4. Жеке басын қосарлы сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушы алдындағы өзінің сақтандыру міндеттемелерін, оларды басқа сақтандырушылардың орындағанына қарамастан, өз бетінше орындайды.

32-бап. Топтық сақтандыру

1. Топтық сақтандыру кезінде бір сақтандыру шарты осымен бір мезгілде пайда алушылар болып табылатын бірнеше сақтандырылушыны қамтиды.

2. Топтық сақтандыру жеке де, мүліктік те, дербестелген де, сондай-ақ адамдардың белгілі бір санатын қамтитын топталған де сақтандыру болуы мүмкін.

Топталған сақтандыру кезінде сақтандырушылардың тобы сақтандыру шартында сақтандыру оқиғасын, әрбір сақтандырылушыға қатысты оның зардаптарын және оған сақтандыру өтемін төлеудің мөлшерін даралау үшін қажетті дәрежеде нақтыландырылуға тиіс.

3. Жұмыс берушінің өз қызметкерлерін ұжымдық сақтандыруы тек жеке басты сақтандыру болуы мүмкін.

33-бап. Ортақ сақтандыру

1. Бірнеше сақтандырушы бірлесіп сақтандыру объектісін бір шарт бойынша сақтандыруы мүмкін (ортақ сақтандыру). Бұл ретте шартта әрбір сақтандырушының келісілген үлесте құқықтары мен міндеттерін белгілейтін талаптар болуға тиіс.

2. Ірі немесе аса ірі тәуекелдерді бірлесіп сақтандыру үшін ортақ сақтандырушылар келісімдер негізінде қарапайым серіктестіктер (сақтандыру пулдерін) құруы мүмкін.

3. Ортақ сақтандырушылар арасында тиісті келісім болған жағдайда олардың біреуі сақтанушы алдында тек өз үлесінде жауапты болып қала отырып, онымен өзара қарым қатынаста барлық ортақ сақтандырушылардың өкілі бола алады.

34-бап. Қайта сақтандыру

1. Сақтандырушы қайта сақтандыру арқылы сақтанушы алдындағы өз міндеттемелерінің баршасын немесе бір бөлігін орындау тәуекелінің басқа сақтандырушыда (қайта сақтандырушыда) өтелуін қамтамасыз етуге хақылы.

Шетел сақтандырушысында (қайта сақтандырушысында) қайта сақтандырушының өз міндеттемелерінің үлесі (өзіне ұсталып қалатыны) міндеттемелерінің жалпы көлемінің кемінде 5 процентін құрауға тиіс.

2. Қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы (қайта сақтанушы) сақтанушы алдында онымен жасасқан сақтандыру шартына сәйкес толық көлемде жауапты болып қалады.

3. Қайта сақтандыру шарттары қайта сақтанушы мен қайта сақтандырушының шартымен белгіленеді.

Қайта сақтандыру шарты осы Жарлықта сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сай келуге тиіс.

4. Қайта сақтандыруды ұйымдастыру үшін қайта сақтандырушылар бірлескен қызмет туралы шарт негізінде қарапайым серіктестікке (қайта сақтандыру пулдеріне) біріге алады.

5. Осы Жарлықта белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының сақтандырушыларында (қайта сақтандырушыларында) да, сол сияқты шетелдік сақтандырушыларда (қайта сақтандырушыларда) да тәуекелдерді қайта сақтандыруға болады.

4-тарау. Сақтандырушының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету

35-бап. Сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттары

1. Сақтандырушы өзінің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге міндетті. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етудің ең төменгі шарттарына: меншікті капиталы мен сақтандыру резервтерінің қажетті мөлшерде болуы сақтандырушының жекелеген шарт бойынша ең төменгі міндеттеме нормативін сақтауы және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді орындау жатады.

2. Сақтандырушының меншікті капиталы сақтандырушының сақтандыру резервтері мен басқа да міндеттемелері (кредиторлық борышы) сомасын

шығарып тастағаннан кейінгі барлық активтерінің құны ретінде белгіленеді. Сақтандырушылардың активтерінің көлемін анықтау әдісін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Сақтандыру резервтері сақтандыру төлемдерінің есебінен құралады. Сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі мен мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 35-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

36-бап. Сақтандырушының жарғылық капиталы

1. Сақтандырушының жарғылық капиталы:

а) сақтандырушының қызметін қаржыландыруға;

в) сақтандыру өтемдерін төлеуге арналады.

2. Сақтандыру ұйымының қатысушыларына жарғылық капиталдың

есебінен дивидендтер мен өзге де сыйақылар төлеуге тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ. 36-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

37-бап. Сақтандыру резервтерін орналастыру

1. Сақтандыру резервтері сақтандыру шарты бойынша

сақтандырушының өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге ғана арналады.

2. Сақтандыру резервтерін орналастыруды сақтандырушылар бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісе

отырып, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

3.

4.

ЕСКЕРТУ. 37-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.

N 154 Заңымен.

Z970154_

ЕСКЕРТУ. 37-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

38-бап. Сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер

1. Сақтандырушының, сақтандырудың немесе қайта сақтандырудың жеке шарты бойынша қайта сақтандырушының міндеттемелерінің ең жоғарғы көлемі меншікті капиталы мен сақтандыру резервтері сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

2. Егер сақтандырушы немесе қайта сақтандырушы аталған

нормативтен асыра отырып міндеттемелер қабылдаған жағдайда, олардың артық бөлігі қайта сақтандырылуға тиіс.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандырушылар мен қайта

сақтандырушылар сақтауға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді белгілеуге

құқылы.

ЕСКЕРТУ. 38-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.

N 154 Заңымен.

Z970154_

ЕСКЕРТУ. 38-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен.

Z990436_

39-бап. Есеп және есеп беру

Сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік, статистикалық және өзге де есеп берулерінің тізбесін, нысанын, мерзімін, сондай-ақ олардың жылдық есепті жариялау мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 39-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының

1997.06.02. N 115-I Заңымен.

Z970115_

ЕСКЕРТУ. 39-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының

1999.07.16. N 436 Заңымен.

Z990436_

5-тарау. Сақтандыру қызметін жүзеге

асыруды мемлекеттік қадағалау

40-бап. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу және

қадағалау міндеттері

1. Сақтандыру қызметі мен сақтандыруды қадағалауды мемлекеттік реттеу міндеттері Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қолдау, сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру қызметінің өзге де субъектілері клиенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, өздері өткізетін сақтандыру мәмілелері мен операцияларының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру рыногының субъектілері үшін арнайы талаптар, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері үшін міндетті нормативтер белгілеу болып табылады.

2. Сақтандыру қызметін реттеуді және оны сақтандыруды қадағалауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 40-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының
1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

41-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның функциялары

Уәкілетті мемлекеттік органның функциялары:

- 1) сақтандыру қызметінің түрін жүзеге асыруға лицензиялар беру;
- 2) сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттарын сақтауды бақылау;
- 3) міндетті сақтандыру туралы заң талаптарын заңды тұлғалар мен азаматтардың орындауын бақылау;
- 4) сақтандырушылар қолданылатын сақтандыру шарттары мазмұнының заң талаптарына сәйкестігін бақылау;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында сақтандырушы ретінде шетелдік сақтандыру компанияларының қызметіне жол берілмейтіндігі туралы заң талаптарының сақталуын бақылау;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұруды қоса алғанда, сақтандырушылардың, қайта сақтандырушылардың, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің сақтандыру қызметін реттеу және оны қадағалау;
- 6-1) осы Жарлықта көзделген мәселелер бойынша рұқсаттар мен келісімдер беру;
- 6-2) Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сақтанушылардың (сақтандырылғандардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау;
- 6-3) басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалау орталық органдарымен халықаралық және өзге де сақтандыру ұйымдарымен қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 41-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан
Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

42-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құқықтары

Уәкілетті мемлекеттік органның:

- 1) сақтандырушылардан сақтандыру қызметі туралы белгіленген есепті алуға;
- 2) сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңдарды сақтауына тексеру жүргізуге;
- 3) шетел қатысатын кәсіпорындарды қоса алғанда, сақтанушылардың міндетті сақтандыру туралы заңдарды сақтауына тексеру жүргізуге;

4) осы Жарлық пен азаматтық заңдардың талаптарына қайшы келетін сақтандыру, ортақ сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жарамсыз деп тану туралы талап-арыздармен сотқа жүгінуге;

5) сақтандырушыларға, заңды тұлғалардың басшыларына сақтандыру туралы заң талаптарын сақтау не оны бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы атқарылуы міндетті ұйғарымдар беруге;

6) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның күшін тоқтата тұруға;

7) соттарда айыппұл салу туралы, сондай-ақ осы Жарлықта көзделген негіздер бойынша лицензияларды кері қайтарып алу туралы істер қозғауға құқығы бар.

7-1) сақтандыру ұйымдары мен басқа сақтандыру қызметі субъектілерінің міндетті түрде орындауға тиісті нормативтік құқықтық актілерін шығаруға;

7-2) сақтандыру резервтерін қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілеуге, сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдісін, сондай-ақ олардың қызметінің нәтижесін анықтауға;

7-3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін белгілеуге;

7-4) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға, олардың ерікті түрде қайта құрылуына және тарауына, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілеттіктерін республика аумағында және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде де ашуға рұқсат беруге;

7-5) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының Басқарма төрағалары мен мүшелері, бас бухгалтерлері, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары филиалдарының басшылары мен бас бухгалтерлері қызметіне адамдар сайлауға (тағайындауға) келісім беруге немесе келісім беруден бас тартуға;

7-6) сақтандыру қызметін дербес немесе аудиторлық ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асыратын ұйымдарға тексеру жүргізуге (инспекциялауға);

7-7) сақтандыру рыногының субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алып отыруға;

7-8) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік, статистикалық және өзге есептерінің тізбесін, нысанын, тапсыру мерзімін белгілеуге;

7-9) сақтандыру статистикасын, сақтандыру рыногының жай-күйіне экономикалық талдау әзірлеу үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қауымдастықтарынан, одақтары мен бірлестіктерінен, мемлекеттік органдардан қажетті ақпарат алуға;

7-10) заңдарда көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлеріне берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұру туралы шешімдер, сондай-ақ сотта қарау тәртібімен олардың қызметін тоқтату туралы шаралар қабылдауға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 42-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

43-бап. Сақтандыру қызметін лицензиялау

1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия бар болған жағдайда рұқсат етіледі.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлғаларға ғана берілуі мүмкін.

2. Сақтандыру қызметінің түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды уәкілетті мемлекеттік орган береді.

3. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыру құқығына алған сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметінің ешқандай өзге түрімен айналысуға хақы жоқ.

4. Лицензия мерзімсіз болып табылады және Қазақстан Республиканың бүкіл аумағында қолданылады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға сақтандырушы (қайта сақтандырушы) мәртебесіне және лицензия алған кезден бастап сақтандыру қызметін жүргізу құқығына ие болады.

6. Сақтандыру агентінің, қызметі, сондай-ақ сақтандыру тәуекелдерін, сақтандыру төлемдерінің мөлшерін бағалаумен сақтандырушылар мен сақтандырушыларға консультациялық және зерттеу қызметтерін көрсетумен байланысты іс-әрекет лицензиялауды талап етпейді.

7. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің қызметін лицензиялау тәртібі мен шарты, сондай-ақ бұл ретте оларға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

8. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілетін лицензияның

нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

9. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру қызметін жүргізуге лицензия берілген сақтандыру ұйымдары туралы деректерді:

- сақтандыру ұйымының атауы мен орналасқан жерін;
- оның ұйымдық-құқықтық нысанын;
- лицензия берілген күнді, оның нөмірін, лицензия берілген сақтандыру түрлерін көрсете отырып жариялайды.

ЕСКЕРТУ. 43-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен.

Z990436_

44-бап. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімі

Лицензия беру туралы өтініш оның уәкілетті мемлекеттік органға келіп түскен күнінен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 44-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

45-бап. Лицензия берілген үшін алым

Лицензиялық алым мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленеді.

46-бап. Лицензия беруден бас тарту

1. Мынадай негіздер бойынша:

- егер өтініш беруші осы Жарлықта немесе уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тиісті құжаттарды беру жөніндегі талаптарды орындамаса;

- егер лицензия алу үшін осы Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы жоқ заңды тұлға өтініш берсе;

- егер сақтандыру ұйымының басшысына қатысты оның сақтандыру немесе қайта сақтандыру қызметімен айналысуына тыйым салатын сот шешімі бар болса ;

- егер сақтандыру қызметі субъектісінің жарғылық капиталын қалыптастыру жөніндегі шарттар орындалмаса не оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттары сақталмаса;

- егер лицензиар берген құжаттар (шарттық сақтандыру құжаттамасының үлгілері - сақтандыру түрлері бойынша ішкі ережелер, шарт нысандары және сақтандырудың өзге де талаптарын өзінің мазмұны бойынша заңдардың талаптарына сай келмесе, лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

2. Лицензия беруден бас тартылған ретте өтінішті қарау үшін белгіленген мерзімде бас тартылу себептері көрсетіле отырып, өтінушіге жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

2-1. Сақтандырушыға және қайта сақтандырушыға сақтандырудың (қайта сақтандырудың) қосымша түрлерін жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартудың негіздемесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 46-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан

Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

47-бап. Заңдарды бұзушылықты жою туралы ұйғарым

Сақтандыру туралы заңдарды бұзушылықты жою туралы ұйғарымды сақтандырушы осы ұйғарымда белгіленген мерзімде орындауға тиіс, ол бұл туралы уәкілетті мемлекеттік органның түрде хабарлауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 47-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен. Z990436_

48-бап. Лицензияның күшін тоқтата тұру

1. Лицензияның күшін тоқтата тұру уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен жүргізіледі.

2. Лицензияның күшін тоқтата тұру сақтандырушының осы тоқтатыла тұру уақытында кез келген жаңа сақтандыру шарттарын жасасуына тыйым салуға әкеп соғады.

3. Лицензияның күші мынадай:

1) анықталған сақтандыру туралы заңдарды бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым орындалмаған;

2) сақтандырушы қаржылық орнықтылықтың ең төменгі шарттарының біреуін болса да орындамаған;

3) сақтандырушы міндетті сақтандыру жөніндегі шарттарды сақтандырудың осы түрін реттеу ұйғарылған нормативтік құқықтық актімен салыстырғанда сақтандырушы үшін тиімсіз талаптармен жасасқан;

4) сот шешімі бойынша бұзылған, құқыққа қайшы сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары жасалған;

5) сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты бойынша қабылданған міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған;

6) сақтандырушының қызметін тексеруге байланысты өз құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік орган сұратқан құжаттарды табыс етуден ол бас тартқан;

7) лицензия беру үшін негіз болған құжаттарда күмәнді немесе көрінеу бұрмаланған ақпаратты беру фактісі анықталған;

8) осы Жарлықтың 46-бабына сәйкес лицензия беруден бас тарту үшін негіз бола алатын жағдаяттар туындаған жағдайларда 6 айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Лицензияның күшін тоқтату туралы шешімде мұндай шешімнің себептері және лицензияның күшін тоқтата тұру мерзімі көрсетілуге тиіс.

5. Лицензияның күші мұндай шешім орындау үшін лицензиардың назарына жеткізілген күннен бастап тоқтатыла тұрады.

6. Лицензияның күшін тоқтата тұруға себеп болған жағдаяттар жойылған ретте лицензияның күші қалпына келтіріледі.

6-1. Қайта сақтандыру ұйымы (тек қана қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын) лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру осы баптың 3-тармағының 1), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында белгіленген негіздемелер бойынша жүргізіледі;

6-2. Сақтандыру немесе қайта сақтандыру брокерлері лицензияларының қолданылуы осы баптың 3-тармағының 1), 4), 7) және 8) тармақшаларында белгіленген негіздемелер бойынша тоқтатыла тұрады;

ЕСКЕРТУ. 48-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

49-бап. Лицензияның қайтарып алу және оның күшін тоқтату

1. Сақтандырушы лицензияның күшін тоқтата тұруға негіз болған жағдаяттарды белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган лицензияны қайтарып алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге хақылы.

Лицензияны қайтарып алу туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап лицензия өзінің күшін тоқтатады.

2. Сақтандыру ұйымы таратылған ретте лицензия таратылған сәттен бастап өз күшін жойған деп танылады.

3. Сақтандыру ұйымы таратылған немесе лицензия қайтарып алу туралы шешім қабылданған ретте сақтандырушы берілген лицензияны 5 күн мерзім ішінде уәкілетті мемлекеттік органға қайтаруға міндетті.

3-1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын өз еркімен тарату осы Жарлықта көзделген шарттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын өз еркімен

таратылу тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3-2. Қайта сақтандыру ұйымына, сақтандыру немесе қайта сақтандыру брокеріне берілген лицензияны оларды мәжбүрлеп тарату кезінде қайтарып алу

және қолданылуын тоқтату осы баптың 1-3-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 49-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен. Z990436_

50-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған немесе оны қайтарып алған ретте сақтандырушының бұрын қабылдаған міндеттемелерін орындауы

Лицензияны тоқтата тұрған немесе қайтарып алған сәттен

бастап, бұрын жасалған сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін олардың қолданылу мерзімі біткенге дейін орындауын қоспағанда, сақтандырушының тыйым салынған сақтандыру қызметін жүзеге асыруға хақы жоқ.

ЕСКЕРТУ. 50-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

51-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамдарының сақтандырушының коммерциялық құпиясы мен сақтандыру құпиясын сақтауы

Өз қызметін жүзеге асыру барысында уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарына мәлім болған сақтандырушының коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру құпиясына жататын сақтанушылар (сақтандырушылар) туралы мәліметтерді аталған адамдардың қандай да болмасын нысанда жария етуге хақы жоқ.

Құпияны жария еткен ретте уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды

адамдары заңдарда белгіленген жауапкершілікке тартылады.

ЕСКЕРТУ. 51-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

52-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган шешімдеріне шағым жасау

Уәкілетті мемлекеттік органға лицензияны беруден бас тарту туралы не

оны тоқтата тұру туралы шешіміне, сондай-ақ заң бұзушылықтарды жою туралы

ұйғарымына сақтандырушылар алты ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының

соттарына шағым бере алады.

ЕСКЕРТУ. 52-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

N 436 Заңымен.

Z990436_

53-бап. Осы Жарлықты жүзеге асыру жөніндегі шаралар

туралы және оны күшіне енгізу тәртібі туралы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкестендіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне табыс етсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Сақтандыру

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар
Жарлығына сәйкестендірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволары мен
мемлекеттік комитеттерінің аталған Жарлыққа қайшы келетін нормативтік
құқықтық актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз ететін болсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 53-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16.

№ 436 Заңымен.

Z990436_

Қазақстан Республикасының

Президенті